

Жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкасына түзету коэффициентін бекіту туралы

Жамбыл облысы Қордай аудандық мәслихатының 2009 жылғы 14 сәуірдегі N 15-10 Шешімі. Жамбыл облысы Қордай ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 15 мамырда 77 нөмірімен тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 11 бабының 1 тармағына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қордай ауданы бойынша тау бөктеріндегі-шөлейт-далалық, субтропикалық шөлейт және тау бөктеріндегі-шөлейт аймақтарда орналасқан селолық елді мекендерде жеке меншікке берілетін жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкасына екі есеге кемітетін түзету коэффициенті бекітілсін.

2. Осы шешім Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат
сессиясының төрайымы

Ф. Байбекова Т. Сүгірбай

Аудандық мәслихаттың
хатшысы